

6D010900-«Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Дуйсеева Гулфариза Омархановнаның «Мектеп математикасын мобильді технологияны қолданып оқытудың әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісінің

ШІКІРІ

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы аясында еліміздегі білім беру жүйесінде айтулы өзгерістер болып жатқаны айқын. Бағдарлама талаптарына сәйкес оқу бағдарламаларын қайта қарау, оқытудың күзiреттiлiк көзқарасына көшу және инновациялық құралдары мен технологияларын ендiру сияқты жаңаша бағыттардың қажеттiлiгi туындауда. Бұл, әрине, заманауи өмiрдiң талабы екенi бүгiнде баршамызға аян болып отыр. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Бiлiм туралы» Заңында оқыту формасын, әдiстерiн, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекiтiлген. Бұл қағида бiлiм беру ұйымдарының мұғалiмдерiне, педагогтарына өзiне оңтайлы нұсқаны қолдануға мүмкiндiк бередi. Сол себептi, оқытудың әдiстемесiн жаңа технологияларды пайдаланып дамыту мәселелерiне байланысты көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргiзiлуде. Демек, докторант Дуйсеева Гулфариза Омархановнаның «Мектеп математикасын мобильдi технологияны қолданып оқытудың әдiстемесi» тақырыбына дайындаған диссертациялық жұмысы көкейкестi мәселенi қарастырып отыр.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының теориялық мазмұнын айқындау барысында отандық және алыс-жақын шетелдiк ғалымдардың педагогикалық, психологиялық, философиялық зерттеулерiне жан-жақты талдау жасалған. Жалпы жағдайда, бiлiм беру жүйесiнiң барлық формаларын ақпараттандыру үдерiсi жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды меңгеру және оны жаппай тарату үдерiстерiмен сипатталады. Бiлiм берудi ақпараттандыру күн сайын мектеп өмiрiне кең көлемде енгiзiлуде. Оның мәнi компьютерлiк техниканың мүмкiндiктерiн баланың жеке тұлғасын дамыту проблемасының маңына топтасқан дидактикалық-әдiстемелiк проблемалық мiндеттердi шешуге бағындыру болып табылады. Сол себептi, қазiргi заман мұғалiмнен тек өз пәнiнiң терең бiлгiрi болуды ғана емес, тарихи танымдық, педагогикалық психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық бiлiмдiлiк және ақпараттық сауаттылық талап етiлуде.

Сондықтан да, орта мектеп мұғалiмдерi заман талабына сай болу жолында өз бiлiмдерiн жан-жақты жетiлдiрiп отыруда. Осы орайда олардың жұмыстарын жеңiлдетуге септiгiн тигiзетiн инновациялық құралдардың орны ерекше. Сол себептi докторант Г.О.Дуйсееваның зерттеу жұмысының тақырыбы мұғалiмдердiң сұранысынан туындаған деп айтуға болады. Мәселен, оқушыларға арналған «Математикадан мобильдi компьютерлiк құралдарды қолдану» атты арнайы оқу курсы жасалған, онда математиканы дәстүрлi оқыту мен мобильдi компьютерлiк құралдарды қолданып оқытудың ерекшелiктерi қарастырылған.

Бүгiнгi таңда педагогикалық үрдiстiң негiзгi бағыттарының бiрi – көптiлдiлiкке арнап «Мобильдi алгебра» атты алгебра курсына оқытуға пайдаланылатын құрал - 3 тiлдi мобильдi қосымша әзiрленген. Және оны зерттеу барысында пайдаланып отырды. Аталған қосымшаның мектеп оқушыларына пайдасы өте зор.

Диссертациялық жұмысты еліміздің педагогика ғылымы үшін маңызы бар еңбек деп айтуға болады. Жұмыс математикадан мобильді құралдарды оқыту үдерісінде қолдану қажеттілігіне негізделген, оларды оқыту құралдары ретінде қолдану оқушылардың математикадан ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану дайындығын қалыптастыруға әсер ететіні, мобильді құралдарды қолданып, математиканы оқытудың әдістемелік жүйесін жетілдіру негізінде оқушыларды дайындау тәсілдері анықталғаны, математиканы оқытудың мобильді құралдарды қолдануға негізделген әдістемесі жасалғаны және ол әдістеменің оқу үдерісіне ендірудің тексерілгені зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығын көрсетеді.

Диссертациялық зерттеу кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Дуйсеева Гулфариза Омархановнаның зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарық көрген. Жалпы саны 15 ғылыми-әдістемелік мақаласы жарияланған, сонымен қатар мобильді қосымша және мобильді оқулық дайындалып, 1 авторлық куәлік алынды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда 6 мақала және «Scopus» мәліметтер базасына енген журналда 1 мақала жарияланған.


Диссертациялық зерттеудің авторы Дуйсеева Гулфариза Омархановнаның «Мектеп математикасын мобильді технологияны қолданып оқытудың әдістемесі» атты диссертациялық жұмысының қолжазбасы зерттеулер жүргізілген өзіндік квалификациялық еңбек болып табылады.

Дуйсеева Гулфариза Омархановнаның «6D010900-Математика» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысы барлық негізгі талаптарға сәйкес келеді және «6D010900 - Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайықты.

Дуйсеева Гулфариза Омархановнаның «Мектеп математикасын мобильді технологияны қолданып оқытудың әдістемесі» тақырыбындағы докторлық диссертациясын М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті жанынан 6D010900 – Математика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау жөнінде құрылған диссертациялық кеңесте қорғауға лайықты деп ұсынамын.

Ғылыми кеңесші:

**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
«физика-математика»
кафедрасының меңгерушісі,
педагогика ғылымдарының
докторы, доцент**



Кадирбаева Р.И.

6D010900- «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Дуйсеева Гулфариза Омархановнаның «Мектеп математикасын мобильді технологияны қолданып оқытудың әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісінің

ПІКІРІ

Докторант Дуйсеева Гулфариза Омархановнаның «Мектеп математикасын мобильді технологияны қолданып оқытудың әдістемесі» тақырыбына дайындаған диссертациялық жұмысы Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Жолдауындағы: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет» - деп көрсетілгендей және Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деген негізгі мақсатына сәйкес көкейкесті мәселені қарастырып отыр. Білімді ақпараттандыру күн сайын мектеп өміріне кең көлемде енгізілуде. Білімді ақпараттандырудың мәні білім беру аясын оқу мен тәрбие педагогикалық-психологиялық мақсатын ашатын жаңа технологиялардың теориясы мен практикасының үлгілермен қамтамасыз ету. Қазіргі заман мұғалімнен тек өз пәнінің терең білгірі болуды ғана емес, тарихи танымдық, педагогикалық психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде.

Қазіргі педагогика теориясына елеулі өзгерістер еніп, жаңа көзқарастар пайда болады. Әрі білім беру құрылымында қазіргі заманғы педагогикалық технология өмірге келді. Мысалы, мобильді қосымшалардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, планшетке жүктеуге және оларды математика сабағында пайдалануға болады. M-learning - мобильді ақпараттық технологияларды қолданып оқыту, оның көмегімен оқушылардың жазу және математикалық дағдыларын арттырады; өздерінің мүмкіндерін анықтайды; жеке және топтық оқытуды жетілдіреді; оларға қажетті білім саласын анықтауға мүмкіндік береді.

Оқушыларға арналған «Математикадан мобильді компьютерлік құралдарды қолдану» атты арнайы оқу курсы жасалған, онда математиканы дәстүрлі оқыту мен мобильді компьютерлік құралдарды қолданып оқытудың еркешеліктері қарастырылған. Көптілділікті меңгеруді жолға қою-бүгінгі таңдағы орта білім жүйесінде педагогикалық үрдістің негізгі бағыттарының бірі болғандықтан «Мобильді алгебра» атты алгебра курсы оқытуға пайдаланылатын құрал - 3 тілді мобильді қосымша болып жасалынды, зерттеу барысында пайдаланылды. Бұл қосымшаның мектеп оқушыларына пайдасы өте зор деп айта аламын.

Осы тұрғыдан алып қарағанда диссертациялық зерттеу тақырыбының теориялық мазмұнын айқындау барысында отандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдардың педагогикалық, психологиялық, философиялық зерттеулеріне жан-жақты талдау жасаған.

Диссертациялық жұмысты еліміздің педагогика ғылымы үшін маңызы бар еңбек деп айтуға болады. Математикадан мобильді компьютерлік құралдарды оқыту үдерісінде қолдану қажеттілігіне негізделген, оларды оқыту құралдары ретінде қолдану оқушылардың математикадан ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану дайындығын қалыптастыруға әсер етеді; мобильді компьютерлік құралдарды қолданып, математиканы оқытудың әдістемелік жүйесін жетілдіру негізінде оқушыларды дайындау тәсілдері анықталған, мобильді компьютерлік құралдарды қолдануға негізделген, математиканы оқытудың әдістемелік жүйесі жасалған, ендірілген және тексерілген.

Диссертациялық зерттеу кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Дуйсеева Гулфариза Омархановнаның зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарық көрді. Жалпы саны 15 ғылыми-әдістемелік мақаласы жарияланған, сонымен қатар мобильді қосымша және мобильді оқулық дайындалып, 1 авторлық куәлік алынды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда 6 мақаласы және «Scopus» мәліметтер базасына енген журналда 1 мақаласы жарияланған.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны, бөлімдер бойынша жасалған тұжырымдар зерттеушінің өзі атқарған ғылыми зерттеу жұмыстарының негізінде жасалған. Тұлға ретінде Г. Дуйсеева мінезі ашық, ұқыпты, іскер, ізденіс жұмыстары барысында өзінің жауапкершілігінің жоғарылығымен ғылыми ізденіске икемділігін көрсете білді, өзгелермен тіл табысу қабілеті де жоғары, еңбекқор және жауапты адам дер едім.

Дуйсеева Гулфариза Омархановнаның «6D010900-Математика» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысы барлық негізгі талаптарға сәйкес келеді және «6D010900 - Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайықты.

Дуйсеева Гулфариза Омархановнаның «Мектеп математикасын мобильді технологияны қолданып оқытудың әдістемесі» тақырыбындағы докторлық диссертациясын М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті жанынан 6D010900 – Математика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау жөнінде құрылған диссертациялық кеңесте қорғауға лайықты деп ұсынамын.

Ғылыми кеңесші
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің
профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы

